

Ресми рецензент, PhD, аға оқытушы Райхан Багиланың
«D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Буранкулова Эльмира Темирбаевнаның «Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/п №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: 1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы); 1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); 3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 21.11.2018 ж.). 4) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ЖГТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.).
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Э.Т.Буранкулова өзінің диссертациялық зерттеу жұмысында Қазақстандағы және басқа түркі тілдес елдердің гендерлік лингвистика ғылымына қатысты көптеген салғастырмалы зерттеулер жүргізе келе, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін толықтай анықтаған. Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар атты бұл зерттеу жұмысын гендерлік лингвистика мен әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, салыстырмалы тіл білімі, түркі тілдерінің лингвистикасы сияқты тіл білімінің әр қайсы салаларында теориялық және практикалық материалдары ретінде қолдануға болады. Және бұл

			<p>жұмыс осы салалардағы ғылыми зерттелерге айтарлықтай септігін тигізе алады деп ойлаймыз. Диссертациядағы ғылыми пайымдаулар мен тұжырымдар мемлекеттік тілдің мәртебесін жана деңгейге көтереді. түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар жүйесі алғаш рет салыстырмалы аспектіде зерттеліп отырғандықтан оны бұл диссертациялық зерттеу жұмысының басты жаңалығы деп карауға болады. Диссертант тақырыбына қатысты «автотаптаурын» «гендер», «гендерлект», «гендерлік дисплей», «гендерлік таптаурын» «гендеризм» «гетеротаптаурын» «маскулиндік» «фемининдік» т.б ғылыми терминдерге сәйкес анықтамалар берген (3-4б). Таптаурындар түрлеріне тоқталып оларды трика бөліп өзіндік ерекшеліктерін нақтылаған (44,48,54беттер). Гендерлік таптаурындардың мәдениәлеуметтік мәні мен лингвомәдени сипатын дәлелдеген (63 және 68 беттер). Диссертант өз жұмысында қазақ, өзбек, башқұрт, татар және түркі тілдеріндегі «кыз», «жігіт» бейнелерін салыстырмалы түрде гендерлік таптаурындық сипатын қарастырған (70-83 беттер). Және түркі гендерлік таптаурындарының фразеологиядағы көрінісі, мақал-мәтелдердегі көрінісін нақтылы мысалдармен қарастырып «жігіт», «кыз» модельдерін ұсынған (99-138беттер).</p> <p>Сонымен бірге диссертант гендерлік таптаурындарды анықтауға қатысты сауалнама жүргізіп, талдаулар жасап, нәтижелерін диссертациясының негізгі тұжырымдарына енгізген (139-168 беттер).</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Диссертация жоғары деңгейде ғылыми тілде жазылған. Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары. Мазмұны мен құрылымдық жағы диссертация қойылытын талаптарға сай. Өзінің жеке пайымдаулары мен тұжырымдауларын бере отырып, зерттеу тақырыбын жоғары деңгейде дәлелдей алған (13-14 беттер).</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (6-7-бет). Гендерлік лингвистика - қазақ тіл білімінде жан- жақтылы толық зерттеле қоймаған енді ғана тіл зерттеуші ғалымдардың қызғушылығын тудыра бастаған тақырып болып саналады. Ал түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындарды салыстырмалы аспектіде зерттеу – тын тақырып. Және оның гендерлік бағытын айқындап гендерлік таптаурындарды қалыптастыру лингвистика саласындағы өзекті мәселелердің бірі.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар, ішкі мазмұндар, пікірлер, тілдік деректер, барлығыда диссертация тақырыбын айқындауға бағытталған (10-11беттер).</p>

		3) айқындамайды	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы барысында диссертант алға қойылған мақсатына және сол мақсатқа жету үшін жүктелген міндеттеріне толығымен қол жеткізген зерттеу тақырыбын ғылыми негізде ашып көрсете алған (7-8беттер).
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан. Диссертант зерттеу жұмысында әрқайсы бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сиптемелеріне негізделген	Автордың ұсынған жаңа қағидаттары, әдістері зерттеу жұмысы барысында салыстырып дәлелденген. Диссертант жұмысында түркі тілдес халықтардың тілдік бірліктеріне және отандық, шетелдік ғалымдардың осы тақырыпқа қатысты тұжырымдамаларына сүйене отырып өзінің сыни пікірін көрсете алған. Диссертант зерттеу жұмысында қазіргі заманғы гендерлік лингвистиканың теориялық негіздерін анықтауда гендерлік лингвистиканың заманауи ғылыми бағыт ретінде дамуы мен түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулер жайын сипаттауда өзге отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлерін салыстырылып бағаланған (25,35,46,68,77-78,90беттер).
5.	Ғылыми жанашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Халықаралық Scopus ғылыми деректер базасына енгізілген басылымдарда 1 мақала, ҚР ҒәЖБМ-нің білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 3 мақала және халықаралық және практикалық конференцияларда 10 мақаланың басылуымен расталады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары жаңа. 1.Феминистік лингвистика - қоғамдық және мәдени өмірдегі еркектердің басымдығын сипаттайды. Бұл зерттеу нысанына сәйкес, өзіндік әдіснамасы бар, адам туралы ғылым салаларының (психология, әлеуметтану, этнография, антропология, тарих т.б.) нәтижелерін лингвистикалық зерттеулерге кең пайдаланатын, тіл саясатын жетілдіру идеяларын берік ұстанған, ғылыми пікірталасқа құрылған бағыт (24). 2.Коммуникативтік дискурстық, дискурстың түрлеріне қарай, жеке адамның қатысымдық әрекетіндегі гендердің лингвистикалық құрылымдануын, әлеуметтік сәйкестілік ұстанымы тұрғысынан еркек

			пен әйелдің сөйлеу әрекеттерін зерттеуге бағытталған (28). 3. Таптаурын – әлеуметтануда, сондай-ақ мәдениеттану, психология, этнография, лингвистика, мәдениетаралық қатысымды біріктіретін пәнаралық парадигмада зерттелген ұғым (44 бет). Таптаурындар – әлеуметтік таптаурын, мәдени таптаурын, этникалық таптаурын, ойлау таптаурыны, сана таптаурыны, саяси таптаурын, тілдік таптаурын, ділдік таптаурын, тілдесім таптаурыны т.б. түрлеріге бөлінеді (47). Автотаптаурын – бұл бейне, кез-келген әлеуметтік топтың өзі туралы бейнесі, гетеротаптаурын – кескін, бұл топтың басқа топтар туралы бейнесі (44 бет). 4. Гендерлік таптаурындар: адам өмірінің барлық салаларында жүзеге асырылатын өзін-өзі тану, тұлғааралық қарым-қатынас, топтар арасындағы өзара әрекеттесу (60 бет).
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және толығымен негізделген (144-146 беттер). Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындарды анықтау және салыстырмалы лингвомәдени талдауға тәжірибелік сауалнамалар жүргізген. Замануи дәстүрге айналған қыздар арасындағы шетелдің Хен Пати (Hen Party) дәстүрі қазақтың жат салтына айналып бара жатыр. Осы дәстүрді қолдайсыз ба? «Сіздің елде Гендер Пати (Gender Party) отбасылық шарасы өткізіле ме?» деген секілді сауалнамаларды жүргізу және талдау өз нәтижесін берген. Бұл төркіні бір түркі тілдес халықтардың гендерлік таптаурындарын салыстырмалы аспектіде зерттеуде басты жаңалық болып саналады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар, қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар және пайымдаулар ғылыми тұрғыдан қарағанда зерттеу мазмұнында ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидағ дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>	Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар: 1. Шетелдік және отандық лингвист-ғалымдардың таптаурын ұғымын зерттеген тұжырымдамаларын талдай келе, өз түйінін шығарған. Зерттеу жұмысының арқауы болған гендерлік таптаурындарға анықтама берген. Гендерлік таптаурындар – лайықты "әйелдік" және "еркектік" мінезқұлық, олардың мақсаты, әлеуметтік рөлдері мен қызметі туралы қоғамда жалпыға бірдей қабылданған орнықты көзқарастар (57 бет). 2. Түркі тілдес өзге тілдердің гендерлік зерттеулерінің лингвистикалық бағытына тоқталып түркі тілдеріндегі «қыз» «жігіт» бейнесінің гендерлік таптаурындық үлгісін көрсетті (69,78,83 беттер).

		<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>3. Ер, әйел гендерлектерінің фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердегі көрінісін үлгілеген. Ер (еркек, жігіт) – ел қорғаушы, батыр, жауынның асыраушысы, әрі білімді, білікті, өнерлі, абырой, бедел иесі. Әйелі(қыз) – сүйікті жар, үйдің берекесі, иесі, ақылшысы сипатында тұжырымдаған (85,89, 95,110 беттер). Фразеологиядағы «әйел» гендерлік таптаурынын жағымды және жағымсыз сыйпаттарын бейнелейтін мәдени кодтарды кесте арқылы ұсынып нақты мысалдармен дәлелдеген (95 бет).</p> <p>«Ана» концептісіне қатысты фразеологизмдерді компоненттік талдау нәтижесін кесте арқылы ұсынған (100). Түркі «еркектік» феноменінің лингвомәдени өзгешеліктері: концептуалдық, компоненттік, лингвомәдени талдау фрагментін кесте арқылы ұсынған (108 бет). «Ер» мен «әйел» таптаурындарының түркі мақал-мәтелдеріндегі гендерлік модельденуін кесте арқылы ұсынған және нақты мысалдармен дәлелдеген (121бет). Феминдік және маскулиндік гендерлік таптаурындарды сипаттайтын түркі мақал-мәтелдерін ерге қатысты мысалдар және әйелге қатысты мысалдармен нақты кесте арқылы түсіндірген (124бет).</p> <p>Тідік материалдары мол. Диссертация мазмұнында мақал-мәтелдер мен әртүрлі сөздіктерді тиімді пайдаланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістемелік таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесі нақты таңдалып, сол әдістемелік негізінде диссертация тараулары нақты, ғылыми тұрғыда жазылған. Зерттеуде жалпы ғылыми-теориялық әдістер, арнайы лингвистикалық әдістер, лингвомәдени және гендерлік талдау әдістері тиімді пайдаланылған (86бет). Аталмыш әдістерді диссертацияның сапалы тыңғылықты жазылғанынан көруге болады.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді оңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді оңдеу және интерпретациялау әдістемелерін тиімді пайдалана отырып алынған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (95,100,108,121,124 беттер).</p>

	<p>даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде гендер, гендерлік таптауырындар ұғымы, таптауырындар туралы зерттеулерді орнымен қолдана білген. Диссертация мазмұнында аталған мәселелермен айналысқан ғалымдардың пікірін негізге ала отырып, оларға сілтемелер берілген.</p> <p>1.Тіл мен жыныс арасындағы қарым-қатынас, гендердің әлеуметтік мәселелер, әлемнің тілдік бейнесі тұрасында келесі шетелдік және отандық ғалымдардың теориялықәдіснамалық тұжырымдары мен іргелі еңбектерінен сілтемелер алынған Н.К. Матье, М. Фуко, М. Мид, Дж. Лакофф, З. Трель-Плетц, В.Н. Телня, А. Вежбицкая, Дж.Валиди, Г.Р. Галиуллина, Р.Р. Замалетдинов, Ф.А. Ильдарханова, М.М.Мальшева, В.А. Маслова, А.Н. Махмутова, И.М. Низамов т.б.; сонымен қатар қазақстандық ғалымдардың еңбектері: Қ. Жұбанов, Б. Хасанұлы, Э.Д.Сүлейменова т.б.</p> <p>2.Гендер, гендерлік зерттеулер теориясы, гендерлік лингвистика, гендерлік таптауырындарға қатысты Ф. Маутнер, Э. Сепир, Д. Коатс, Х. Коотхофф, Дж. Скотт, Р. Унгер, И. Гоффман, Дж. Таннен, И.Г.Ольшанский, О.А. Воронина, А.В.Кирилина, О.В. Рябов, Е.И. Горошко, И.И. Халеева, Е.С. Гриценко Б.Хасанұлы, Г.Т.Шоқым, З.М. Нұржанова Б.Райхан, Э.С. Хузина, 8 М.Ч.Чутбулатов, Г.М.Исмаилов, Н.Насруллаева т.б. ғалымдардың пікірбайламдары мен ғылыми еңбектері жұмыстың теориялық өзегі етіп алынған.</p> <p>3. Түркі тіл біліміндегі таптауырындар этнолингвистикалық, когнитивтік лингвистикалық, лингвомәдени және гендерлік зерттеулер саласына қатысты төмендегі авторлардың негізгі еңбектері бойынша қаралған: Ә. Қайдаров, Н.Уәли, Е. Жанпейісов, Т. Жанұзақ, Г.Б. Мамаева, А.Байғұтова, З.К.Теміргазина, Р.С.Тұрдалиева, А.Ш. Тажикеева, Г.Х. Тулекова, К.Н. Смағұлова, К.А. Құсманова, А.Тымболова, Н.Б. Бурганова, Х.Х.Кузьмина, Г.Р.Мугътасимова, А.И. Хайруллина, Л.Х. Самантова, Л.К. Ишкильдина, Ж.Қынажды, М.С. Досимова, Э.А. Дуссалиева, Ф.Ш. Нуриева, Г.М. Исмаилов, Ж.И. Исаева, Л.Ә. Ибраймова, М. Амангазиева, А.С.Мурзинова т.б.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға толықтай жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді кеңінен пайдаланған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертация жұмыстың зерттеу нәтижелері жалпы тіл білімі, түркология, түркі тіл білімі мен гендерлік лингвистика, лингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану т.б. салаларының ғылыми-теориялық негіздерінде маңызды және аталған ғылым салалардың мәселелерін теориялық тұрғыдан тұжырымдап түркі тіл білімінің гендерлік бағытының ғылыми теориялық негіздері мен ұстанымдарының дамуына, гендерлік лингвистика ғылымын дамытуға өз үлесін қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы жоғары. Жалпы тіл білімі, түркология, түркі тіл білімі мен гендерлік лингвистика, лингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану т.б. салаларының салыстырмалы тіл білімі бойынша арнайы курстар жүргізуде практикалық маңызы зор.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Себебі түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар жүйесі алғаш рет салыстырмалы аспектіде зерттеліп отырғандықтан оны бұл диссертациялық зерттеу жұмысының басты жаналығы деп қарауға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы өте жоғары. Диссертация жоғары деңгейде ғылыми тілде жазылған. Мазмұны мен құрылымдық жағы толық сәйкескен, нормативтік сілтемелер, анықтамалар диссертацияға қойылатын талаптарға сай жүйелі жасалған. Теориялық қорытындылар, тұжырымдамалар, пайымдаулар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген. Зерттеуде қолданған ғылыми әдістері диссертация тақырыбын толық ашып бере алған. Э.Т.Буранкулова өзінің «Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар» атты диссертациялық жұмысында кәсіби біліктілігін жан - жақтылы жоғары деңгейде көрсетеді.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **филология докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) филология докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Буранкулова Эльмира Темирбаевнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша «Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Шығыс филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, PhD

10.04.2023

Райхан Бағла

